

## Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің ортақ сақтандыру нарығын құру туралы хаттаманың жобасы туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2008 жылғы 5 желтоқсандағы N 1135 Қаулысы  
Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің ортақ сақтандыру нарығын құру туралы хаттаманың жобасына қол қою туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Президентінің қарauына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрi*

*К.Мәсімов*

*Жоба*

**Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің ортақ сақтандыру нарығын құру туралы  
ХАТТАМА**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттер (бұдан әрі - ЕурАЗЭҚ),

2000 жылғы 10 қазандағы Еуразиялық экономикалық қоғамдастықты құру туралы шартты басшылыққа ала отырып,

2003 жылғы 27 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық қоғамдастық шенберінде сақтандыру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімде (бұдан әрі - Келісім) көзделген ережелерді дамыту да,

өзара тиімді экономикалық ынтымақтастықты және дамуды терендешу үшін Тараптардың ортақ сақтандыру нарығын құру мақсатқа лайықты екенін танып,

сақтандыру қадағалау мен сақтандыру қызметін реттеудің ортақ мұдделерін негізге ала отырып,

Тараптардың сақтандыру қызметін реттейтін ұлттық заңнамаларын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру жөнінде шаралар қабылдау қажет деп санай отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Осы Хаттаманың мақсаттары Тараптардың ортақ сақтандыру нарығын құру, ЕурАЗЭҚ шенберінде ортақ сақтандыру нарығына қатысушылардың құқықтары мен мұдделерін қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу және қабылдау болып табылады.

### **2-бап**

Осы Хаттамада пайдаланылған ұғымдарына мыналарды білдіреді:  
"ортақ сақтандыру нарығы" - Тараптардың аумақтарымен шектелген, Тараптардың ұлттық заңнамаларымен Тараптардың барлық сақтандыру нарығына қатысушылардың

құқықтары мен мұдделерінің сақталуына және қорғалуына кепілдік берілетін экономикалық кеңістіктің бір белігі;

"ортақ сақтандыру нарығына қатысушылар" - сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары, сақтандыру агенттері мен брокерлер, актуарийлер, сақтанушылар, сондай-ақ әрбір Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес белгіленген өзге тұлғалар;

"сақтандыру қызметін пайдаланушы" - сақтандыру мұддесі сақтандыру қорғауының объектісі болып табылатын сақтанушы, сақтандырылуши, пайда алушы.

### **3-бап**

Тараптар ортақ сақтандыру нарығын құру жөнінде келісілген шаралар қабылдайды.

Тараптар сақтандыру қадағалау мен сақтандыру қызметін реттеу органдарының қызметін реттейді, Тараптардың сақтандыру үйымдарының тәуекелдерді қайта сақтандыру жүйесіне бірыңғай тәсілдерді енгізеді, Тараптардың сақтандыру қызметін реттейтін ұлттық заңнамаларын үйлестіреді.

Ортақ сақтандыру нарығын құру әрбір Тараптың қалыптасқан макроэкономикалық жағдайлары ескеріле отырып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Әр кезеңінің басым міндеттерінің тізбесі және оларды іске асыру мерзімдері Тараптардың келісімі бойынша белгіленеді.

### **4-бап**

Тараптар ортақ сақтандыру нарығын құру мақсатында Тараптардың сақтандыру қызметін реттейтін ұлттық заңнамаларын үйлестіруге, жалпы Тараптардың ортақ сақтандыру нарығына қатысушылардың құқықтары мен мұдделерін сақтандыру қорғау жүйесін қалыптастыруға, сондай-ақ сақтандыру нарықтарын реттеу мен сақтандыру қызметін қадағалау саласындағы Тараптар жүргізетін мемлекеттік саясатқа қойылатын бірыңғай талаптарды өзірлеуге бағытталған міндеттер кешенін іске асырады.

**Бұл мақсатта Тараптар :**

1) өздерінің сақтандыру қызметін реттейтін ұлттық заңнамаларының ережелерін халықаралық стандарттар талаптарына және сақтандыру қадағалауының халықаралық практикасына сәйкес келтіреді;

2) өзінің іс-әрекеттерін Келісімге, оның ішінде бір Тараптың аумағында орналасқан екінші Тараптың сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары құрган еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының қызметін қадағалау бойынша бірлескен іс-қимылдар арқылы үйлестіреді;

**3 ) мыналарды :**

сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарын лицензиялаудың жалпы қағидаттарын; көлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асырудың жалпы тәсілдерін;

сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының жарғылық капиталын қалыптастыру тәртібіне қойылатын бірыңғай талаптарды;

сақтандыру резервтерін қалыптастыруға қойылатын бірыңғай талаптарды;

сақтандыру түрлерін (сыныптарын) жіктеуге бірыңғай талаптарды; сақтандыру қызметін тұтынушылардың құқықтары мен мұдделерін қорғау жөнінде бір ыңғай талаптарын;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының төлем қабілеттілігіне және қаржылық тұрақтылығына қойылатын талаптарды анықтаудың бірыңғай қағидаттарын;

Тараптардың резидент еместеріне тәуекелдерді қайта сақтандыруға беру тәртібіне қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейді.

## 5-бап

Осы Хаттаманың ережелерін іске асыру үшін қажетті ақпарат алмасуды Тараптардың сақтандыру қадағалау мен сақтандыру қызметін реттеу органдары жүзеге асырады.

## 6-бап

Осы Хаттаманы іске асыру жөніндегі жұмысты үйлестіру ЕурАЗЭҚ-тың Интеграциялық Комитеті жанындағы Сақтандыру қадағалауы мен сақтандыру қызметін реттеу органдары басшыларының кеңесіне жүктеледі.

## 7-бап

Осы Хаттама Тараптар қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындаитын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## 8-бап

Осы Хаттама күшіне енген соң ЕурАЗЭҚ-ка мүшелікке қабылданған кез келген мемлекеттің оған қосылуы үшін ашық. Осы Хаттамаға қосылу туралы құжаттар ол ЕурАЗЭҚ-тың Интеграциялық Комитеті болып табылатын депозитарийге сақтауға тапсырылады.

Қосылған мемлекеттерге қатысты осы Хаттама депозитарий қосылу туралы құжатты алған күннен бастап күшіне енеді.

## 9-бап

Осы Хаттамаға Тараптардың өзара келісімі бойынша жеке хаттамалармен рәсімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

## 10-бап

Осы Хаттаманың ережелерін түсінуге және қолдануға байланысты Тараптар арасындағы даулар мен келіспеушіліктер мұдделі Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы шешіледі, ал келісімге келмеген жағдайда Тараптардың келісімі бойынша ЕурАЗЭҚ Сотының қарауына беріледі.

## 11-бап

Осы Хаттама Тараптардың оның күшіне ену үшін қажетті мемлекетішлік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны депозитарийге сақтауға тапсырған күннен бастап күшіне енеді.

Әрбір Тарап болжамдалған шығу күніне дейін 6 айдан кешіктірмей бұл туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Хаттамадан шыға алады.

\_\_\_\_\_ қаласында 200\_\_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_\_" бір тұпнұсқалық данада  
орыс т ілінде жасалды.

Осы Хаттаманың тұпнұсқа данасы ЕурАЗЭҚ Интеграциялық Комитетінде сақталады, ол әр Тарапқа оның расталған көшірмесін жібереді.

<i>Беларусь</i> <i>Республикасы</i> <i>атынан</i>	<i>Казакстан</i> <i>Республикасы</i> <i>атынан</i>	<i>Қыргыз</i> <i>Республикасы</i>
<i>Ресей</i> <i>Федерациясы</i> <i>атынан</i>	<i>Тәжікстан</i> <i>Республикасы</i> <i>атынан</i>	<i>Өзбекстан</i> <i>Республикасы</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК